

**"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 маусымдағы N 1010 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*К. Мәсімов*

Жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ**

**Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**1-бап.** Қазақстан Республикасының мынадай заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 2003 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасының Жер кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 13, 99-құжат; 2005 ж., N 9, 26-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 11, 55-құжат; N 12, 79, 83-құжаттар; N 16, 97-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 18-құжат; N 14, 105-құжат; N 15, 106, 109-құжаттар; N 16, 129-құжат; N 17, 139-құжат; N 18, 143-құжат; N 20, 152-құжат; N 24, 180-құжат; 2008 ж., N 6-7, 27-құжат; N 15-16, 64-құжат; N 21, 95-құжат; N 23, 114-құжат; 2009 ж., N 2-3, 18-құжат):

**115 - бапта:**

3-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жол бойындағы белдеудің мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша жеке және заңды тұлғаларға уақытша жер пайдалануға беруі мүмкін."

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жол қызметі объектілерін, жол полициясы, фитосанитарлық, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, кеден қызметі, шекаралық және көліктік бақылау бекеттерін қоспағанда, қалалар мен елді мекендердің көшелерінен басқа,

жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары бойынан бөліп берілген жер белдеулерінің шегінде күрделі ғимараттар мен құрылыстар салуға, сондай-ақ инженерлік коммуникацияларды өткізуге тыйым салынады.

Автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісім бойынша құрылысы жүзеге асырылатын жол қызметі объектілерін және жол сервисі объектілерін қоспағанда, жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолының жол бойындағы белдеуінде күрделі ғимараттар мен құрылыстар салуға тыйым салынады."

2. 2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Су кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 17, 141-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 3, 22-құжат; N 15, 95-құжат; 2007 ж., N 1, 4-құжат; N 2, 18-құжат; N 19, 147-құжат; N 24, 180-құжат; 2008 ж., N 6-7, 27-құжат; N 23, 114-құжат; N 24, 129-құжат; 2009 ж., N 2-3, 15-құжат):

1 0 5 - б а п т а :

2 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

3-тармақтағы "кеме қатынасы үшін ашық" деген сөздер алып тасталсын.

3. "Автомобиль жолдары туралы" 2001 жылғы 17 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 17-18, 246-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 1, 5-құжат; N 14, 89-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 16, 129-құжат; 2008 ж., N 15-16, 64-құжат; N 23, 114-құжат):

1) 3-баптың 2-тармағының 2) тармақшасындағы "республиканың" деген сөзден кейін "және көршілес мемлекеттердің" деген сөздермен толықтырылсын, ", сондай-ақ көршілес мемлекеттер", "және" деген сөздер алып тасталып, "автомобиль жолдары" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ" деген сөзбен толықтырылсын;

2) 7-баптың 1-тармағындағы "жол органдарына тұрақты немесе уақытша пайдалануға" деген сөздер "жол органына - жерді тұрақты пайдалануға, жол салу, реконструкциялау және жөндеу кезінде қызметтер көрсетушілерге - жерді уақытша пайдалануға" деген сөздермен ауыстырылсын.

3) 11-баптың 6-1) тармақшасындағы "жатады." деген сөз алып тасталып, мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

"8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру жатады."

4) 12-баптың 2-тармағының 23) тармақшасындағы "жатады." деген сөз алып тасталып, мынадай мазмұндағы 24) тармақшамен толықтырылсын:

"24) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру жатады."

4. "Темір жол көлігі туралы" 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 315-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат; 2004 ж., N 18, 110-құжат; N 23, 142-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 13, 87-құжат; N 14, 89-құжат; N 16, 99-құжат; N 24, 148-құжат

; 2007 ж., N 9, 67-құжат; N 19, 148-құжат; 2008 ж., N 15-16, 64-құжат; N 24, 129-құжат;  
2009 ж., N 2-3, 18-құжат):

1) 1 - б а п т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) арнайы жылжымалы құрам - магистральдық темір жол желісін және кірме жолдарды ұстау, қызмет көрсету, қалпына келтіру және жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін көлік құралдары;"

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

"2-1) әлеуметтік мәні бар жүктер - қоғам мен мемлекет үшін әлеуметтік-экономикалық маңызы бар, сондай-ақ оларды тасымалдаудан түсетін кірістер тасымалдаушының шығыстарын өтемейтін және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген өлшемдерге сәйкес жүктер;"

3) тармақшаның үшінші абзацы "ішкі" деген сөзден кейін "(қала маңындағы)" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшадағы "екі жүз" деген сөздер "жүз" деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) жоғары кірісті жүктер - оларды тасымалдаудан түсетін кірістер есебінен әлеуметтік мәні бар жүктерді тасымалдаудан келетін залалдар өтелетін және Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген өлшемдерге сәйкес жүктер;"

мынадай мазмұндағы 7-1) тармақшамен толықтырылсын:

"7-1) жолды дамыту - магистральдық, станция жолдарының, оларды өзара біріктіретін бағыттағалы бұрмалардың, станция мен кірме жолдардың шегінде орналасқан техникалық құралдар мен жабдықтардың жиынтығы;"

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) жүк-багаж - темір жол көлігімен жолаушыларды, багажды (жүк-багажды) тасымалдау ережесінде белгіленген талаптарға сәйкес жолаушылар немесе почта-багаж поезының багаж вагонында тасымалдауға қабылданған, салмағы жүз килограммнан асатын не өз мөлшері бойынша габаритті емес болып табылатын мүлік;"

17) тармақша "тұлға" деген сөздің алдынан "немесе кірме жолдардың қызметтерін пайдаланатын" деген сөздермен толықтырылсын;

19) т а р м а қ ш а д а :

"көрсетілетін қызметтер" деген сөздер "тармақ иесінің көрсететін қызметтері" деген сөздермен ауыстырылсын;

"беру бойынша" деген сөздерден кейін "немесе жүк жөнелтушілер мен жүк алушыларға қызмет көрсету бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

22) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"22) локомотивтік тартқыш операторы - меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде тартқыш көлік құралына (локомотивті немесе мотор-вагонды жылжымалы құрамға) иелік ететін, оны күтіп ұстауды, пайдалануды қамтамасыз ететін және

уәкілетті орган берген локомотивтік тартқыш қызметтерін ұсынуға рұқсаты бар тұлға;" ;

мынадай мазмұндағы 27-1) тармақшамен толықтырылсын:

"27-1) маневрлік жұмыс - вагондарды өңдеу, сұрыптау, тарқату, тиеуге, түсіруге, жөндеу жолында/жолынан, салмақ өлшеуге әкелу-әкету, поездарды қалыптастыру, тарату кезінде олардың орнын ауыстыру, жылжымалы құрамды бір жолдан басқасына ауыстырып қою, локомотивтердің станция шегіндегі қозғалысы, арнайы жылжымалы құрамның, тартқыш көлік құралдарының орнын ауыстыру;" ;

29) тармақша алып тасталсын ;

мынадай мазмұндағы 30-1) тармақшамен толықтырылсын:

"30-1) поезд - оператор белгілеген магистральдық темір жол желісі маршруты бойынша жол жүретін, сигналдар орнатылған, бір немесе бірнеше жұмыс істейтін локомотивтермен немесе моторлы вагондармен құрылған және жалғасқан вагондар құрамы, вагондары жоқ локомотивтер, моторлы вагондар және өздігінен жүретін арнайы жылжымалы құрам;" ;

34) тармақша "локомотивтік тартқыш операторының" деген сөздерден кейін ", вагондар, контейнерлер операторының және тасымалдау процесіне басқа да қатысушылардың" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 40-1) тармақшамен толықтырылсын:

"40-1) темір жол вокзалы - халыққа қызмет көрсетуге, міндетті әрі сервистік қызметтер көрсетуге және осы қызметтердің көрсетілуін қамтамасыз етуге, бір станцияда орналасқан жүкті, жүк-багажды қабылдау-беруге арналған және ғимаратты, павильондарды, жолаушылар платформасын және вокзал өткелдерін қамтитын құрылыстар кешені;" ;

46) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"46) темір жол қатынасы - ол мына түрлерді:

жолаушыларды, багажды, жүк-багажды және почта жөнелтімдерін тасымалдау үшін ;

халықаралық - Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасында және ( немесе) Қазақстан Республикасы арқылы транзитпен тасымалдауды,

облысаралық - Қазақстан Республикасының әр түрлі облыстарындағы жөнелту және межелі пункттері арасындағы тасымалдауды,

ауданаралық (қалааралық) - бір облыс шегіндегі елді мекендер арасындағы тасымалдауды ,

ішкі (қала маңындағы) - қала (аудан) ішінде және қала маңы аймағында тасымалдауды ;

жүктерді тасымалдау үшін :

халықаралық - Қазақстан Республикасы мен шет мемлекеттер арасында және ( немесе) Қазақстан Республикасы арқылы транзитпен тасымалдауды,

республикаішілік - Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан жөнелту және межелі темір жол станциялары арасындағы тасымалдарды қоса алғандағы жөнелту және межелі пункттер арасында темір жол көлігімен жолаушыларды, багажды, жүкті, жүк-багажды және почта жөнелтімдерін тасымалдау;"

4 7 ) т а р м а қ ш а :

"жөнелту" деген сөзден кейін "және (немесе)" деген сөздермен толықтырылсын;

"операцияларды" деген сөзден кейін ", сондай-ақ маневрлік жұмысты" деген сөздермен толықтырылсын;

2 ) 2 - б а п т а :

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "қызметіне" деген сөз "қызметін ұсынуға және алуға" деген сөздермен ауыстырылсын;

2 - т а р м а қ т а :

5) тармақшадағы "жағдай жасау" деген сөздерден кейін "және жеке инвестицияларды тарту үшін" деген сөздермен толықтырылсын;

10) тармақшадағы "болып табылады." деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) транзиттік және халықаралық тасымалдарды кеңейту болып табылады.";

3 ) 1 2 - б а п т а :

2-тармақтың екінші сөйлемі "және ішкі" деген сөздерден кейін "(қала маңындағы)" деген сөздермен толықтырылсын;

2-1-тармақ "қатынастар бойынша" деген сөздерден кейін "барлық жүру жолында" деген сөздермен толықтырылсын;

4 ) 1 4 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 10-1), 10-2), 10-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"10-1) жүктерді әлеуметтік мәні бар және жоғары кірісті жүктерге жатқызу өлшемдерін анықтау;

10-2) темір жол көлігімен тасымалданатын әлеуметтік мәні бар және жоғары кірісті жүктердің тізбелерін бекіту;

10-3) темір жол көлігімен әлеуметтік мәні бар және жоғары кірісті жүктерді тасымалдау үшін ақы белгілеу ережесін бекіту;"

мынадай мазмұндағы 12-1) және 12-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"12-1) Шығындары республикалық бюджеттен субсидиялауға жататын әлеуметтік мәні бар облысаралық қатынастар бойынша темір жолда жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушыларды айқындау жөніндегі ашық тендер негізінде конкурс өткізу ережесін бекіту;

12-2) әлеуметтік мәні бар қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылардың шығындарын субсидиялау көлемдерін айқындау әдістемесін бекіту;"

18) тармақшадағы "жатады." деген сөз алып тасталып, мынадай мазмұндағы 19) тармақшамен толықтырылсын:

"19) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге асыру жатады." ;

2 - тармақта :

19) тармақшадағы "ортақ пайдаланылатын" деген сөздер алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 26-3), 26-4), 26-5), 26-6), 26-7), 26-8), 26-9), 26-10), 26-11) және 26-12) тармақшалармен толықтырылсын:

"26-3) темір жол көлігінде сигнал беру жөніндегі нұсқаулықты бекіту; 26-4) жылжымалы құрамды, арнайы жылжымалы құрамды сыныптау тізбесін бекіту ;

26-5) поездардың қозғалысы және темір жол көлігіндегі маневрлік жұмыс жөніндегі нұсқаулықты бекіту ;

26-6) жүк және жолаушылар вагондарын және тартқыш жылжымалы құрамды пайдалану мерзімдерін ұзарту ережесін бекіту;

26-7) темір жол көлігін техникалық пайдалану ережесін бекіту;

26-8) темір жол өтпелерін пайдалану ережесін бекіту;

26-9) киім нысандары (погонсыз) мен айырым белгілерінің үлгілерін, нысанды киім кию тәртібін, онымен қамтамасыз ету нормаларына және оны киіп жүруге құқығы бар мемлекеттік көліктік бақылау қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін бекіту ;

26-10) есепке алуды жүргізу мен жолаушыларды, багажды, жүк-багажды, жүктерді тасымалдау туралы деректер беру және тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану тәртібін бекіту ;

26-11) кеден ісі саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, темір жол көлігімен тасымалданатын жүкті кедендік ресімдеу кезіндегі кедендік органдар мен тасымалдаушының өзара іс-қимыл ережесін бекіту;

26-12) локомотивтік тартқыш қызметтерін көрсетуге арналған рұқсаттарды беру ережесін бекіту ; " ;

3-тармақтың 2) тармақшасындағы "жатады." деген сөз алып тасталып, мынадай мазмұндағы 3), 4) тармақшалармен толықтырылсын:

"3) тасымалдаушының әлеуметтік мәні бар ауданаралық (қалааралық) және ішкі (қала маңындағы) қатынастар (маршруттар) бойынша темір жол көлігімен жолаушылар тасымалдауды жүзеге асыруға байланысты шығындарын субсидиялау; ауданаралық (қалааралық) және ішкі (қала маңындағы) қатынастарды айқындау жатады." ;

16-баптың 2-тармағындағы "қауіпсіздігі мен техникалық пайдалану ережесі" деген сөздер "магистральдық темір жол желісіндегі техникалық пайдалану, қозғалыс қауіпсіздігі ережелеріне, техникалық реттеу, санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік

және қоршаған ортаны қорғау саласындағы заңнамаға" деген сөздермен ауыстырылсын ;

6) 17-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Жол тиісінше дамытылған, сондай-ақ техникалық құралдары мен құрылғылары бар темір жол станциясында поездарды құрастыру және тарату бойынша маневрлік жұмыстар және поездармен техникалық операциялар жүргізілуі мүмкін.";

7) мынадай мазмұндағы 17-1-баппен толықтырылсын:

"17-1-бап. Темір жол вокзалы

1. Темір жол вокзалдарында билет кассалары, күтуге арналған үй-жайлар, санитарлық-техникалық тораптар және ақпараттық қызмет көрсететін объектілер б о л у ғ а т и і с .

2. Темір жол вокзалдарында халық жолаушылар поездарының жөнелтілу және келу уақыттары, жолаушылардың жол жүру және багажды, жүк-багажды тасымалдау құны, поездарда бос орындардың болуы, шұғыл медициналық көмек, шағымдар мен ұсыныстар кітапшасының тұрған орны туралы, билет және багаж кассаларының жұмыс режимі, вокзал үй-жайларының орналасуы, сондай-ақ халыққа көрсетілетін қызметтер тізбесі туралы дұрыс ақпаратпен қамтамасыз етіледі.

3. Жолаушылар платформалары мен перрондарға өту және шығу жүріп-тұруы шектеулі адамдарға қолжетімді болуы (пандустармен, мамандандырылған лифтілермен ж а б д ы қ т а л у ы ) т и і с .

4. Темір жол вокзалдарының меншік иелері (теңгерім ұстаушылары) темір жол вокзалдарына кіреберістерді және таксилердің, сондай-ақ халыққа қызмет көрсетуге арналған жеке және қоғамдық автокөліктің тұрақ орындарын күтіп ұстауды және ж ө н д е у д і қ а м т а м а с ы з е т е д і .

5. Халыққа қызмет көрсетуге арналған вокзал құрылыстары жарамды техникалық ж а й - к ү й д е ұ с т а л у ы т и і с .

6. Темір жол вокзалдарын пайдалану кезінде меншік иелері (теңгерім ұстаушылар) халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуі және техникалық регламенттің талаптарын с а қ т а у ы т и і с " ;

8) 22-баптың 3-тармақта "қызметкері" деген сөзден кейін "жұмыс уақытының және демалыс уақытының режимі мен есепке алынуының" деген сөздермен толықтырылсын;

9) 30-баптың 3-тармағындағы "Қозғалыс қауіпсіздігі" деген сөздер "Темір жол көлігі саласындағы қауіпсіздік" деген сөздермен ауыстырылсын;

10) 31-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"31-бап. Магистральдық инфрақұрылым мүкәммалын, темір жол көлігінің құрылыстарын, жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен материалдарын жобалау, өндіру, пайдалану, тасымалдау,

сақтау, жөндеу және кәдеге жарату кезіндегі қауіпсіздік талаптары

1. Магистральдың инфрақұрылым объектілерін, темір жол көлігінің жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын жобалау, өндіру, пайдалану, тасымалдау, сақтау, жөндеу және кәдеге жарату адамның өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін және Қазақстан Республикасының техникалық реттеу туралы және қоршаған ортаны қорғау туралы заңнамасының сақталуын қамтамасыз ететін жағдайларда жүзеге асырылуы тиіс.

2. Магистральдық инфрақұрылым объектілерін, темір жол көлігінің жылжымалы құрамын, арнайы жылжымалы құрамын, конструкцияларын, жабдықтары мен мүкәммалын жобалау, өндіру, пайдалану, тасымалдау, сақтау, жөндеу және кәдеге жарату процестері техникалық пайдалану ережелеріне, техникалық регламенттерге сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

3. Магистральдық инфрақұрылым объектілерінің, темір жол көлігі жылжымалы құрамының, арнайы жылжымалы құрамының, конструкцияларының, жабдықтары мен мүкәммалының, оларды жобалау, өндіру, пайдалану, тасымалдау, сақтау және жөндеу процестерінде сақталуын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар пайдалану құжаттамасында белгіленеді.";

11) 31-1, 31-2, 31-3, 31-4, 31-5-баптар алып тасталсын;

12) 36-баптың 3-тармағындағы "темір жол көлігі жүкқұжатының негізінде жүк қабылданғаны" деген сөздер "жүкқұжатына жөнелту станциясының күнтізбелік мөртабаны қойылған жүктің қабылданғаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

13) 40-баптың 1-тармағында:

11) тармақша "тасымалдар" деген сөзден кейін "және тасымалдау ақысы" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 33-1), 33-2), 33-3) тармақшалармен толықтырылсын:

"33-1) ерекше жағдайларда жүктерді тасымалдау;

33-2) вагондар мен контейнерлерді түсіргеннен кейін тазалау және жуу;

33-3) талап қою және қарау;"

14) 41-баптың 1-1-тармағындағы "ортақ пайдаланылатын" деген сөздер алып тасталсын;

15) 42-баптың 1-тармағы "жүзеге асырады" деген сөздердің алдынан " республикаішілік және халықаралық қатынастарда" деген сөздермен толықтырылсын;

16) 47-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Ірі көлемді және ауыр салмақты жүктерді тасымалдау жүзеге асырылатын ең қысқа қашықтықты анықтау осындай жүктерді тасымалдауға арналған темір жолдардың техникалық мүмкіндіктерін және өткізу қабілетін ескере отырып жүзеге асырылады.";

17) мынадай мазмұндағы 48-1-баппен толықтырылсын:

"48 -1-бап. Вагондарды, контейнерлер мен жүктерді уақытша сақтау



қоймасына орналастыру кезіндегі тасымалдаушының, жүк жөнелтушінің, жүк алушының және уақытша сақтау қоймалары иелерінің өзара қарым-қатынастары

1. Тасымалдаушы, жүк алушы, жүк жөнелтуші мен уақытша сақтау қоймасы иесі арасындағы өзара қарым-қатынастар олардың арасында жасалған шарттарға б а й л а н ы с т ы .

2. Уақытша сақтау қоймасының иесі тасымалдаушыға барлық тиесілі төлемдер енгізілгеннен кейін жүк алушыға жүкті береді.

3. Тасымалдаушы, жүк алушы, жүк жөнелтуші және уақытша сақтау қоймасы иесі арасындағы кедендік ресімдеу жөніндегі өзара қарым-қатынастар Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында реттеледі.";

18) 49-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"49-бап. Вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны және темір жолдарда жылжымалы құрамның бос тұрғаны (тоқтап тұрғаны, кідірітілгені) үшін төлем

1. Вагондарды, контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлемді жүк жөнелтуші, жүк алушы, тармақ иеленуші тасымалдаушыға, ал тиісті шарт болғанда - вагондардың, контейнерлердің иесіне мынадай жағдайларда төлейді:

1) тиеу (түсіру) және маневрлік жұмыстар үшін тасымалдау ережелерінде белгіленген уақытты қоса алғанда, вагондардың, контейнерлердің өздерінде болған у а қ ы т ы ү ш і н ;

2) жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың, тармақ иеленушілердің кінәсінен магистральдық, станция жолдарында вагондар мен контейнерлердің бос тұрған (тоқтап тұрған, кідірітілген) у а қ ы т ы ү ш і н .

2. Поездар қозғалысының кестесінде және магистральдық темір жол желісінің технологиялық қызмет көрсету процесінде көзделмеген жылжымалы құрамның бос тұрған (тоқтап тұрған, кідірітілген) уақытында магистральдық, станция жолдарын және темір жолдарды босатпай тұрғаны үшін тасымалдаушы көрсетілген жолдардың иесі белгілеген төлемді немесе магистральдық темір жол желісі қызметтерін көрсетуге арналған шартта немесе концессия шарттары бойынша темір жол көлігі объектілерімен темір жол қызметтерін көрсетуге арналған шартта белгіленген мөлшерде тұрақсыздық а й ы б ы н т ө л е й д і .

3. Жүк жөнелтушілер, жүк алушылар, тармақ иеленушілер, жылжымалы құрамның иелері, контейнерлердің иелері олардың кінәсінен болған магистральдық, станция жолдарында жылжымалы құрамның бос тұрғаны (тоқтап тұрғаны, кідірітілгені) үшін осы баптың 2-тармағында көзделген төлемдерді тасымалдаушыға өтеуге міндетті.

4. Жүк жөнелтуші, жүк алушы, жылжымалы құрамның иесі кірме жолдарда жылжымалы құрамның бос тұрғаны (тоқтап тұрғаны, кідірітілгені) үшін төлемді көрсетілген жолдардың иелеріне төлейді.";

19) 53-баптың 1-тармағы "тез бүлінетін" деген сөздерден кейін ", қауіпті" деген сөзбен толықтырылсын;

20) 55-баптың 4-тармағындағы "есебінен қайтаруға" деген сөздерден кейін "немесе көлік құралынан жүкті босатуды талап етуге" деген сөздермен толықтырылсын;

21) 67-баптың 2-тармағының 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) қоғамдық тәртіпті, жолаушылар тасымалына қызмет көрсетуге арналған жолаушы вагондары мен объектілерін пайдалану ережелерін сақтауға, сондай-ақ тасымалдаушының мүлкіне ұқыпты қарауға және жол жүру барысында да, күту орындарында да өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтауға міндетті.";

22) 68-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Жөнелтушінің жүк-багажы жол жүру құжатын (билет) ұсынбай тасымалдау құжаты (жүк-багаждың түбіртегі) бойынша қабылданады.";

23) мынадай мазмұндағы 79-1-баппен толықтырылсын:

"79-1-бап. Жүкті уақтылы түсірмегені (жүктен босатпағаны) үшін жауапкершілік

Жүк алушылар жүктерді уақтылы түсірмеген (жүктен босатпаған) кезде тасымалдаушы жиырма төрт сағаттан артық кідірілген вагондарды және контейнерлерді пайдаланғаны үшін төлемді он еселенген мөлшерден аспайтын көлемде арттырады." ;

24) 83-баптың 2-тармағы "айыппұл" деген сөзден кейін "және тасымалдаушының тазалау орнына вагонды, контейнерді тасымалдау жөніндегі шығыстары" деген сөздермен толықтырылсын;

25) 88-4-баптың 10) тармақшасындағы "құқылы." деген сөз алып тасталып, мынадай мазмұндағы 11) тармақшамен толықтырылсын:

"11) Қазақстан Республикасының аумағында темір жол көлігіндегі қирауларды, аварияларды тексеруге қатысуға құқылы.";

26) 89-баптың 3-тармағында:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Өтініш берушінің талаптарын растайтын мынадай құжаттардың түпнұсқалары немесе нотариалды расталған көшірмелері талапқа қоса берілуі тиіс.";

мынадай мазмұндағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) жүкті тасымалдағаны үшін артық төленген тасымал төлемдері қайтарылмаған жағдайда - темір жол көлігі жүк-құжаты, түбіртектер және төлемдер енгізілгенін растайтын құжаттар." ;

27) мынадай мазмұндағы 94-1-баппен толықтырылсын:

"94-1-бап. Есепке алу және статистикалық есептілік

Локомотивтік тартқыш, вагондар, контейнерлер операторлары және тасымалдаушылар уәкілетті орган белгілеген жолаушыларды, багажды, жүк-багажды,

жүктерді тасымалдау және тасымалдау кезінде жылжымалы құрамды пайдалану туралы деректерді есепке алу және статистикалық есептілікті жүргізу тәртібін сақтауға м і н д е т т і . " .

5. "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" 2002 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 2, 16-құжат; 2004 ж., N 20, 116-құжат; N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 11, 36-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; 2007 ж., N 9, 67-құжат; N 18, 143-құжат):

1 ) 1 - б а п т а :

18) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"18) жүк таситын кеме - жолаушы кемесі болып табылмайтын, әр түрлі жүктерді т а с ы м а л д а у ғ а а р н а л ғ а н к е м е ; " ;

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"20) каботаж - Қазақстан Республикасының теңіз порттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңды құзырындағы пункттер арасындағы қатынаста тасымалдау мен тіркеп сүйреу және Каспий теңізінің қазақстандық секторын игеруге байланысты ө з г е д е қ ы з м е т ; " ;

мынадай мазмұндағы 25-1) тармақшамен толықтырылсын:

"25-1) Кеме қатынасының тіркелімі - кемелерді сыныптайтын және олардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме;" ;

46) тармақша алып тасталсын ;

57) тармақшадағы "және тиеу-түсіру жұмыстары мен өзге де техникалық операцияларды жүзеге асырушы" деген сөздер алып тасталсын ;

мынадай мазмұндағы 60) тармақшамен толықтырылсын:

"60) шетелдік сыныптау қоғамы - Қазақстан Республикасының сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы халықаралық шарттарында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметі таныған, халықаралық жүзуді орындайтын кемелерді техникалық бақылауды, куәландыруды және сыныптауды жүзеге асыратын шетелдік ұ й ы м . " ;

2 ) 4 - б а п т а :

2 - т а р м а қ т а :

7), 9), 11) тармақшалар алып тасталсын ;

13) тармақшадағы "паспортының" деген сөз "жеке куәлігінің" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

16), 17), 18) тармақшалар алып тасталсын ;

19) тармақшадағы "жатады." деген сөз алып тасталып, мынадай мазмұндағы 20) тармақшамен толықтырылсын :

"20) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге а с ы р у ж а т а д ы . " ;

3 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 5-2) тармақшамен толықтырылсын:

"5-2) порттық құрылыстар мен теңіз порты акваторияларын техникалық пайдалану ережесін бекіту;" ;

6-1) және 7) тармақшалар алып тасталсын;

9) тармақша "кемелерге" деген сөздің алдынан "кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 9-1), 9-2), 9-3), 9-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"9-1) кемелерді, оның ішінде жасалып жатқандарын, және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу тәртібін, сондай-ақ оларға меншік құқығын куәландыратын құжаттардың нысандарын анықтау;

9-2) кеме экипаждары мүшелерін дипломдау тәртібін анықтау;

9-3) кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердегі көлік оқиғаларын тексеру ережесін бекіту;

9-4) кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердегі көлік оқиғаларын тексеру;" ;

10) тармақшада:

"техникалық" деген сөз алып тасталсын;

"халықаралық жүзуге шығатын" деген сөздер алып тасталсын;

11) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"11) лоцмандық қызметті және өзге де теңіз қызметтерін бақылау;" ;

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) нысанды киім берілетін теңіз көлігіндегі мемлекеттік бақылау қызметкерлері және теңіз көлігі қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің), нысандар үлгілері мен айырым белгілерінің тізбесін, нысанды киім киіп жүру тәртібін және қамтамасыз ету нормаларын бекіту;" ;

15) тармақшада "кемелердің мемлекеттік тізіліміндегі" деген сөздер "кеме кітабындағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

22) тармақша алып тасталсын;

23) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"23) порттық құрылыстар мен жасанды аралдардың қауіпсіз пайдаланылуын бақылау;" ;

24), 29), 30), 33), 36) тармақшалар алып тасталсын;

46) тармақша "мемлекеттік органдарға" деген сөздерден кейін "апаттық жағдайлардың және" деген сөздермен толықтырылсын;

47) тармақшадағы "жатады." деген сөз алып тасталып, мынадай мазмұндағы 48), 49), 50), 51), 52), 53), 54), 55), 56), 57), 58), 59) 60) және 61) тармақшалармен толықтырылсын:

"48) теңіз кемелерін сыныптау және жасау ережесін бекіту;

49) теңіз кемелерін жабдықтау жөніндегі ережені бекіту;

- 50) теңіз кемелерінің жүк маркасы туралы ережені бекіту;
- 51) Шағын көлемді кемелерді басқару құқығына кеме жүргізушілерді аттестаттау е р е ж е с і н б е к і т у ;
- 52) Шағын көлемді кемелерді және олардың тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) пайдалану ережесін бекіту;
- 53) Шағын көлемді кемелерді және олардың тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) техникалық қадағалау жөніндегі ережені бекіту;
- 54) Кеме тарихын үздіксіз тіркеу журналының нысаны мен жүргізілу тәртібін бекіту ;
- 55) Қазақстан Республикасы теңіз көлігі кемелеріндегі қызмет жарғысын бекіту;
- 56) жағалау объектілерін жобалауды, орналастыруды, салуды және пайдалануды к е л і с у ;
- 57) теңіз кемелерінің жүк көтергіш құрылғыларын куәландыру ережесін бекіту;
- 58) теңіз кемелерінің экипаждарын азық-түлікпен қамтамасыз ету тәртібін бекіту;
- 59) еңбек жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша Қазақстан Республикасының теңіз флоты кемелерінің жүзуші құрамының жұмыс уақыты мен демалыс уақытын реттеу ерекшеліктерін белгілеу;
- 60) еңбек жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша теңізшілердің еңбегі мен олардың еңбек ақысын реттеу ерекшеліктерін белгілеу;
- 61) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге а с ы р у ж а т а д ы . " ;

3) 8-2-бап мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

"8. Жағалау объектілерін жобалау, орналастыру, салу және пайдалану уәкілетті органмен келісім бойынша жүзеге асырылады.";

4) 8-3-бап мынадай мазмұндағы 4, 5, 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелер және олардың тұрағына арналған базалар (құрылыстар) шағын көлемді кемелерді және олардың тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) техникалық қадағалау жөніндегі ереженің талаптарына сәйкес келуі тиіс.

5. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелерді және олардың тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) техникалық қадағалауды уәкілетті орган алғашқы, жыл сайынғы және кезектен тыс техникалық куәландырулар жүргізу жолымен, сондай-ақ арнайы және бақылау тексерістерін жүргізумен жүзеге асырады.

6. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелерді және олардың тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) пайдалану шағын көлемді кемелерді және олардың тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) пайдалану ережесіне сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы .

7. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын өздігінен жүзетін кемелердің кеме жүргізушілері кеме жүргізушілерін даярлау бағдарламасы бойынша оқып үйренуден

өтуі және оның шағын көлемді кемені басқару құқығына куәлігі болуы тиіс.

Шағын көлемді кемені басқару құқығына куәлік беруді, шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау бағдарламасын келісуді және шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды тіркеуді уәкілетті орган шағын көлемді кеменің кеме жүргізушілерін аттестаттау ережесіне сәйкес жүзеге асырады.";

5) 10-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Спутниктік байланыстың кеме станциясының шақыру сигналын және сәйкестендіру нөмірін беру тәртібін байланыс саласындағы уәкілетті орган айқындайды .  
" ;

6 ) 1 1 - б а п т а :

3-1-тармақтың 2) тармақшасындағы "беріледі." деген сөз алып тасталып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) теңізде мұнай операцияларын жүзеге асырумен айналысатын Қазақстан Республикасында тіркелген шетелдік заңды тұлғалар мен олардың филиалдарын бербоут-чартер тізілімінде тіркеу кезінде беріледі.";

5-тармақтағы "Қазақстан Республикасының заңдарында" деген сөздер "кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережесінде" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

7) 14-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кемеде тізбесін, нысанын және жүргізу тәртібін уәкілетті орган айқындайтын кеме құжаттары болуы тиіс.

Кемеде көшірмесін осы құжатты берген орган растауы немесе нотариус куәландыруы тиіс Кемеге меншік құқығы туралы куәлікті қоспағанда, кеме құжаттарының түпнұсқалары болуы тиіс.";

8 ) 1 5 - б а п т а :

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"15-бап. Кемелерді техникалық бақылау, куәландыру және оларды сыныптау";

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кемелерді техникалық бақылауды, куәландыруды және оларды сыныптауды Кеме қатынасының тіркелімі, халықаралық жүзуді жүзеге асыратын кемелерге қатысты - шетелдік сыныптау қоғамдары жүзеге асырады.

Бұл ретте кемелерді куәландыру жөніндегі нақты өкілеттіктер және оларды шетелдік сыныптау қоғамдарына беру шарттары уәкілетті орган мен шетелдік сыныптау қоғамдары арасындағы екі жақты келісімдерде айқындалады.

Кемеге сынып беру Кеме қатынасының тіркелімі беретін, халықаралық жүзуді жүзеге асыратын кемелер үшін шетелдік сыныптау қоғамы беретін сыныптау куәлігімен куәландырылады.

Теңіз кемелеріне техникалық бақылау жүргізуді және оларды шетелдік сыныптау органдарының сыныптауын бақылауды уәкілетті орган жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының өзге мемлекеттік органдары мен ұйымдарының кемелерді және кемеңің жекелеген элементтерін техникалық бақылауына жол берілмейді." ;

9) 18-1-баптың бірінші бөлігінде:

"жүзеге асырылуы мүмкін" деген сөздер "жүзеге асырылады" деген сөздермен ауыстырылсын ;

"Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген" деген сөздер "кемелерді және оларға құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережесінде белгіленген" деген сөздермен ауыстырылсын ;

10) 28-баптың 4-тармағындағы "авариялық жағдайларды" деген сөздерден кейін " және көлік оқиғаларын" деген сөздермен толықтырылсын;

11) 39-баптың 2-тармағында:

1) тармақшадағы "тізілімін" деген сөз "Теңіз кемелерінің мемлекеттік кеме тізілімі мен бербоут-чартер тізілімін" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "паспортын" деген сөз "жеке куәлігін" деген сөздермен ауыстырылсын ;

12) 41-баптың 1-тармағының 1) тармақшасындағы "болуын" деген сөзден кейін " және олардың қолданылу мерзімдерін" деген сөздермен толықтырылсын;

13) 42-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"5) теңіз порты көрсеткен теңіз портының міндетті қызметтері үшін төлемдер төленбегенде рұқсат беруден бас тартады."

6. "Автомобиль көлігі туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 15, 134-құжат; 2004 ж., N 23, 142-құжат; 2005 ж., N 7-8, 19-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 16, 129-құжат; 2008 ж., N 23, 114-құжат; 2009 жылғы 6 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2009 жылғы 7 мамырда " Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жұмыспен қамту және міндетті әлеуметтік сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 5 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ):

1) 1 - б а п т а :

13) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"13) жолаушыларды және багажды тұрақты емес тасымалдау - эпизодтық сипатта болатын, жолаушыларды отырғызу мен түсірудің белгіленген бастапқы және соңғы пункттері бар, жолаушыларды жұмыс, оқу орнына, сондай-ақ мәдени және өзге де іс-шараларға жеткізу мақсатында жүзеге асырылатын жолаушылардың жекелеген топтарын тасымалдау ; "

мынадай мазмұндағы 18-1) тармақшамен толықтырылсын:

"18-1) залалды әлеуметтік мәні бар тасымалдар - халықтың тасымалдарға деген

қажеттілігін қанағаттандыратын, тұрақты немесе маусымдық сипаты бар және оларды жүзеге асыруға жұмсалатын шығындар тасымалдаудан түсетін кірістерден асып түсетін автомобиль көлігімен тұрақты қатынастары жолаушы тасымалдары;"

мынадай мазмұндағы 25-1) тармақшамен толықтырылсын:

"25-1) тахограф - жүргізушілердің еңбек және демалыс режимін тіркеудің механикалық не электрондық (цифрлық) бақылау құрылғысы;"

2) 7-баптың 2-тармағы "қуәлігі" деген сөзден кейін "және кемінде екі жыл жүргізушілік жұмыс өтілі" деген сөздермен толықтырылсын;

3) 8-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Әкімшілік-аумақтық белгісі бойынша жолаушылар мен багажды тасымалдау:

1) қалалық (ішкі);

2) қала маңындағы;

3) ауданішілік және кентішілік;

4) қалааралық;

5) халықаралық болып бөлінеді.

Қалааралық тасымалдау облысішілік, облысаралық болып бөлінеді.";

4) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"9-бап. Автокөлік құралдарын тахографтармен жабдықтау жөніндегі талаптар

1. Тахографтармен жабдықтауға автобустар, жүк автомобильдері, оның ішінде:

1) қауіпті жүктердің автомобиль тасымалдарын;

2) жолаушылардың, багаждың және жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарын;

3) жолаушылардың және багаждың қалааралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде пайдаланылатын мамандандырылған автомобильдер жатады.

2. Жолаушылардың, багаждың және жүктердің халықаралық автомобиль тасымалдарын жүргізетін автокөлік құралдарын электрондық (цифрлық) тахографтармен жабдықтау міндетті болып табылады.";

5) мынадай мазмұндағы 9-1-баппен толықтырылсын:

"9-1-бап. Электрондық (цифрлық) тахографтарды қолдану

1. Электрондық (цифрлық) тахографтарды орнатуды тізбесін уәкілетті орган белгілейтін сервис орталықтары жүзеге асырады. Электрондық (цифрлық) тахографтарды қолдану ережесінде белгіленген талаптарға сәйкестік тізбеге енгізуге негіз болып табылады.

2. Электрондық (цифрлық) тахографтарды қолдану Электрондық (цифрлық) тахографтарды қолдану ережесінде белгіленген талаптардың негізінде жүргізіледі.

3. Электрондық (цифрлық) тахографтарды қолдану ережесінде:

1) электрондық (цифрлық) тахографтарды орнатуды жүзеге асыратын сервис орталықтарына қойылатын талаптар;

2) электрондық (цифрлық) тахографтарды орнатуды жүзеге асыратын сервис



орталықтарын тізбеге енгізу тәртібі;

3) белгілер мен электрондық деректерді есепке алуды жүргізу тәртібі;

4) электрондық карточкаларды (жүргізушілер карточкаларын, тасымалдаушылар карточкаларын, сервистік карточкаларды және инспекторлардың карточкаларын) беру және а у ы с т ы р у т ә р т і б і ;

5) электрондық (цифрлық) тахографтар мен электрондық карточкаларды пайдалану т ә р т і б і ;

6) электрондық (цифрлық) тахографтар жөніндегі ұлттық дерекқордың жұмыс істеу т ә р т і б і б е л г і л е н е д і . " ;

6) 12-бап мынадай мазмұндағы 12) және 13) тармақшалармен толықтырылсын:  
"12) Әлеуметтік мәні бар залалды жолаушы автокөлігі тасымалдарын жергілікті бюджеттен субсидиялау ережесін бекітеді;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге а с ы р а д ы . " ;

7 ) 1 3 - б а п т а :

4) тармақша алып тасталсын;

17-тармақшадағы "және елді мекендерді: кенттерді, ауылдарды (селоларды) аудан немесе облыс орталықтарымен, республикалық маңызы бар қалалармен (астанамен) жалғастыратын" деген сөздер ", ауданішілік және кентішілік" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 19), 20), 21), 22), 23), 24), 25), 26), 27) және 28) тармақшалармен толықтырылсын:

"19) Қазақстан Республикасында халықаралық қатынастағы автомобиль тасымалдарының рұқсат беру жүйесін қолдану ережесін бекітеді;

20) Халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға автомобиль тасымалдаушыларына рұқсат беру ережесін бекітеді;

21) Қазақстан Республикасының аумағында жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын қолдану ережесін бекітеді;

22) Жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын беруді жүзеге а с ы р а д ы ;

23) Автомобиль көлігінде цифрлық тахографтарды қолдану ережесін бекітеді;

24) цифрлық тахографтарды орнатуды жүзеге асыратын сервис орталықтарының т і з б е с і н б е к і т е д і ;

25) цифрлық тахографтарға электрондық карточкалар беруді жүзеге асырады;

26) электрондық (цифрлық) тахографтар жөніндегі ұлттық дерекқорды жүргізеді;

27) Қауіпті жүктерді тасымалдауды жүзеге асыратын автокөлік құралдарының жүргізушілерін арнайы даярлау курстарын ұйымдастыру ережесін бекітеді;

28) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де функцияларды жүзеге а с ы р а д ы . " ;

8) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"14-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының құзыреті

1. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді органдары :

1) жолаушылар мен багаждың автомобиль тасымалдарын, оның ішінде ауданішілік және кентішілік тасымалдарды дамыту бағдарламасын бекітеді;

2) өз құзыреті шегінде жолаушылар көлігін дамытудың кешенді схемасын және жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларын бекітеді;

3) шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекітеді;

4) тұрақты қатынастарды залалды әлеуметтік мәні бар автомобиль көлігімен жолаушылар тасымалдарын субсидиялау бағдарламасын бекітеді.

2. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары :

1) жолаушылар мен багаждың қалааралық, облысаралық, облысішілік (республикалық маңызы бар қала, астана үшін - қалалық) тұрақты тасымалдарын ұйымдастырады, олардың маршруттарын бекітеді, оларға қызмет көрсету құқығына конкурс ұйымдастырады және өткізеді, маршруттар бойынша қозғалыс кестелерін бекітеді ;

2) автовокзалдар мен автостанциялардың тізілімін жүргізеді;

3) жолаушылар мен багаждың қалааралық облысішілік (республикалық маңызы бар қала, астана үшін - қалалық) тұрақты автомобиль тасымалдары маршруттарының тізілімін жүргізеді ;

4) шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін әзірлейді;

5) жолаушылар мен багаждың автомобиль тасымалдарын, оның ішінде ауданішілік және кентішілік тасымалдарды дамыту бағдарламасын әзірлейді;

6) жолаушылар көлігін дамытудың кешенді схемасын және жол қозғалысын ұйымдастыру жобаларын әзірлейді;

7) тұрақты қалааралық (республикалық маңызы бар қала, астана үшін - ішкі) қатынастағы автомобиль көлігімен әлеуметтік мәні бар залалды жолаушылар тасымалдарын субсидиялауды жүзеге асырады.

3. Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары:

1) жолаушылар мен багаждың қалалық, қала маңындағы, ауданішілік және кентішілік тұрақты тасымалдарын ұйымдастырады, олардың маршруттарын бекітеді, оларға қызмет көрсету құқығына конкурстар ұйымдастырады және өткізеді, маршруттар бойынша қозғалыс кестелерін бекітеді;

2) жолаушыларды және багажды қалалық, қала маңындағы, ауданішілік және кентішілік автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының тізілімін жүргізеді;

3) таксимен жолаушылар және багаж тасымалдауды ұйымдастырады;

4) шалғай елді мекендерде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдауды ұйымдастырады;

5) тұрақты ауданішілік және кентішілік (қалаішілік) қатынастағы автомобиль көлігімен әлеуметтік мәні бар залалды жолаушылар тасымалдарын субсидиялауды жүзеге асырады." ;

9) 15-баптың 1-тармағының 3) тармақшасындағы "құқығы бар." деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) осы Заңның 19-6-бабына сәйкес тексеру жүргізу үшін қажетті құжаттарды жеке және заңды тұлғалардан сұратуға құқығы бар.";

10) 19-бабының 1-тармағында:

"жолаушыларды және багажды" деген сөздерден кейін "қалааралық облысшілік," деген сөздермен толықтырылсын;

"және елді мекендерді: кенттерді, ауылдарды (селоларды) аудан немесе облыс орталықтарымен, республикалық маңызы бар қалалармен (астанамен) жалғастыратын" деген сөздер ", ауданішілік және кентішілік" деген сөздермен ауыстырылсын;

11) 19-5-баптың 2-тармағындағы "жүргізушінің еңбегі мен тынығуы режимінің бақылау қондырғысының (тахограф)" деген сөздер "тахографтың" деген сөзбен ауыстырылсын ;

12) 19-6-баптың 3-тармағында:

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"5) Қазақстан Республикасының аумағы бойынша жүктерді тасымалдау ережесін, автокөлік құралдарының жүріп өту ережесін және Қазақстан Республикасының автомобиль жолдары бойынша жүруге арналған автокөлік құралдарының рұқсат етілген параметрлерін орындау;" ;

7) тармақшада "жүргізушілердің еңбегі мен тынығуы режимін тіркеудің бақылау қондырғыларымен (тахографтармен)" деген сөздер "тахографтармен" деген сөзбен ауыстырылсын ;

11) тармақшадағы "тексереді." деген сөз алып тасталып, мынадай мазмұндағы 12) тармақшамен толықтырылсын :

"12) электрондық (цифрлық) тахографтарды орнату жөніндегі талаптардың орындалуын тексереді." ;

13) 19-7-бап мынадай мазмұндағы 10-1) тармақшамен толықтырылсын:

"10-1) республикаішілік қатынаста жолаушылардың және багаждың тұрақты емес автомобиль тасымалдарын жүзеге асыру кезінде тасымалдау шартының болуын тексеру ; " ;

14) 20-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы "және елді мекендерді: кенттерді,

ауылдарды (селоларды) аудан немесе облыс орталықтарымен, республикалық маңызы бар қалалармен (астанамен) жалғастыратын" деген сөздер ", ауданішілік және кентішілік қатынастардағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 5 ) 2 1 - б а п т а :

2-тармақтағы "және елді мекендерді: кенттерді, ауылдарды (селоларды) аудан немесе облыс орталықтарымен, республикалық маңызы бар қалалармен (астанамен) жалғастыратын" деген сөздер ", ауданішілік және кентішілік" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3 - т а р м а қ т а :

"багажды" деген сөзден кейін "қалааралық облысаралық (астананы және республикалық маңызы бар қаланы қоса алғанда)," деген сөздермен толықтырылсын;

"және елді мекендерді: кенттерді, ауылдарды (селоларды) аудан немесе облыс орталықтарымен, республикалық маңызы бар қалалармен (астанамен) жалғастыратын" деген сөздер ", ауданішілік және кентішілік" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігіндегі "елді мекендерді: кенттерді, ауылдарды (селоларды ) аудан немесе облыс орталықтарымен, республикалық маңызы бар қалалармен ( астанамен) жалғастыратын" деген сөздер "ауданішілік және кентішілік" деген с ө з д е р м е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы 6 және 7-тармақтармен толықтырылсын:

"6. Егер жолаушылар мен багажды тасымалдау маршрутына қызмет көрсету құқығына бір ғана қатысушының өтінімі берілсе, конкурс болмады деп танылады. Егер конкурсты қайта өткізу кезінде осы маршрутқа бір қатысушының өтінімі берілсе, онда ол конкурс талаптарына сәйкес келсе, осы қатысушы жеңімпаз болып танылады.

7. Маршрутқа (маршруттарға) қызмет көрсету құқығын үшінші тарапқа беруге жол б е р і л м е й д і . " ;

1 6 ) 2 2 - б а п т а :

1-тармақтың 3) тармақшасындағы "құқығы бар." деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

"4) жүк көлігі құралдарын өлшеудің халықаралық сертификатын алуға құқығы бар." ;

2 - т а р м а қ т а :

5) тармақша "сәйкес" деген сөзден кейін "жергілікті атқарушы орган тиісті жеңілдік ұсынуға тасымалдаушының нақты шығындарын қаржыландыру көзін анықтаған кезде" деген сөздермен толықтырылсын;

8) тармақшадағы "міндетті." деген сөз алып тасталып, мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

"9) тасымалдарды жүзеге асыру қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғаны белгілеуге м і н д е т т і . " ;

17) 23-баптың тақырыбында және мәтінінде "және елді мекендерді: кенттерді,

ауылдарды (селоларды) аудан немесе облыс орталықтарымен, республикалық маңызы бар қалалармен (астанамен) жалғастыратын" деген сөздер ", ауданішілік және кентішілік деген сөздермен ауыстырылсын;

18) 24-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Жолаушыларды және багажды тұрақты емес республикаішілік қатынаста тасымалдау кезінде тасымалдау шарты тараптардың әрқайсысы үшін екі данада жасау жолымен жазбаша нысанда жасалады. Автокөлік құралының салонында осы шарттың көшірмесі болуға міндетті.

Бұл ретте шартта:

1) сапар мақсаты;

2) қозғалыс маршруты және жолаушыларды отырғызу мен түсірудің бастапқы және соңғы пункттері;

3) шарт бойынша міндеттемелерді тараптардың орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершілігі көзделуі тиіс.";

19) 29 - бапта:

3) тармақшадағы "және елді мекендерді: кенттерді, ауылдарды (селоларды) аудан немесе облыс орталықтарымен, республикалық маңызы бар қалалармен (астанамен) жалғастыратын" деген сөздер ", ауданішілік және кентішілік" деген сөздермен ауыстырылсын;

11-тармақшадағы "және елді мекендерді: кенттерді, ауылдарды (селоларды) аудан немесе облыс орталықтарымен, республикалық маңызы бар қалалармен (астанамен) жалғастыратын" деген сөздер ", ауданішілік және кенгішілік" деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 41-баптың 13) тармақшасындағы "айқындайды." деген сөз алып тасталып, мынадай мазмұндағы 14) және 15) тармақшалармен толықтырылсын:

"14) халықаралық қатынаста тез бұзылатын тағам өнімдерін тасымалдайтын автокөлік құралдарын куәландыру тәртібін;

15) тез бұзылатын тамақ өнімдерін тасымалдайтын автокөлік құралдарына қойылатын талаптарды айқындайды.";

21) 43 - бапта:

2-тармақта "тұрақты емес халықаралық" деген сөздер "халықаралық тұрақты емес" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 4 және 5-тармақтармен толықтырылсын:

"4. Жолаушыларды және багажды халықаралық қатынаста тұрақты тасымалдауды жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының аумағындағы пункттердің арасында жолаушылар тасымалдауға жол берілмейді.

5. Мемлекеттік шекара арқылы өткізу пунктерінде тұрақты маршруттар бойынша жолаушыларды халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын автобустардың құжаттарын ресімдеу және өткізу кезектен тыс жүргізеді.";

22) 45-бап мынадай мазмұндағы 3 және 4-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Халықаралық автомобиль тасымалдары уәкілетті орган беретін рұқсат ету туралы куәліктің негізінде жүзеге асырылады. Тасымалдаушыға қойылатын талаптар автомобиль тасымалдаушыларын халықаралық автомобиль тасымалдарын жүзеге асыруға жіберу ережесінде белгіленеді.

4. Қазақстан Республикасында тіркелген, тез бұзылатын тамақ өнімдерін тасымалдауға арналған көлік құралдарында халықаралық тасымалдарды жүзеге асыру кезінде уәкілетті орган беретін автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдау ережесінде белгіленген талаптарға олардың сәйкестігі туралы куәлік болуы тиіс.";

23) 47-баптың 1-тармағындағы "және елді мекендерді: кенттерді, ауылдарды (селоларды) аудан немесе облыс орталықтарымен, республикалық маңызы бар қалалармен (астанамен) жалғастыратын" деген сөздер ", ауданішілік және кентішілік" деген сөздермен ауыстырылсын.

7. "Байланыс туралы" 2004 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 14, 81-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 15, 95-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 2, 18-құжат; N 3, 20-құжат; N 19, 148-құжат; 2008 ж., N 20, 89-құжат; N 24, 129-құжат):

1) 8-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 8-3) тармақшамен толықтырылсын:

"8-3) азаматтық пайдаланушыларға радиожиилік спектрін пайдалануға арналған рұқсаттарды бөлу, иелікке беру, шақыру сигналын иелікке беруді қоса алғанда, кеме станциясына рұқсаттар беру;" ;

2 ) 1 1 - б а п т а :

4-тармақтың 4) тармақшасындағы "әзірлеуді қамтамасыз етеді және бекітеді." деген сөздер алып тасталып, мынадай мазмұндағы 5) тармақшамен толықтырылсын:

"5) радиожиилік спектрін иелікке беру, кеме станциясына рұқсаттар беру және шақыру сигналын иелікке беру тәртібін әзірлеуді қамтамасыз етеді және бекітеді.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Міндетті мемлекеттік тіркеуге жататын және жатпайтын азаматтық мақсаттағы, оның ішінде ішкі су жолдарындағы кемелерде телерадиохабарлар тарату мақсатында пайдаланылатын радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылардың тізбесін уәкілетті орган белгілейді және бекітеді.

Радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды тіркеуді уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері жүргізеді.

Радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғыларды мемлекеттік тіркеу үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленетін тәртіппен алым өндіріп алынады. "

8. "Ішкі су көлігі туралы" 2004 жылғы 6 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004 ж., N 15, 88-құжат; 2006 ж., N 3, 22-құжат; N 23, 141-құжат; N 24, 148-құжат; 2007 ж., N 9, 67-құжат; N 18,

143 - құжат; N 20, 152 - құжат):  
1 ) 1 - б а п т а :

б) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) жағалау белдеуі - экологиялық талаптарды сақтай отырып, навигациялық белгілер мен жабдықтарды орнатуға арналған жағалау сызығынан басталатын ені жиырма метрге тең су объектілері жағалауы бойындағы құрлық белдеуі;"

мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) жалға алынған шетелдік кемелер тізілімі - осы Заңның 26-бабының 5-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келетін шетелдік кемелер тіркелетін құжат;"

мынадай мазмұндағы 7-1) және 7-2) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-1) жолаушылар кемесі - жолаушылар тасымалдауға арналған және он екіден артық жолаушыларды тасымалдайтын кеме;

7-2) жолаушы куәлігі - кемедегі жолаушылардың рұқсат етілген ең көп саны туралы мәліметтерді қамтитын кеме құжаты;"

10) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"10) кеме - Кеме қатынасы тіркелімінің техникалық бақылауындағы, ішкі суларда жүзетін кеме, кеме қатынасы мақсатында пайдаланылатын өздігінен жүзетін немесе өздігінен жүзбейтін жүзбелі құрылғы, оның ішінде "өзен-теңіз" суларында жүзетін кеме, паром, техникалық флот кемесі (су түбін тереңдетуші және су түбін тазартушы снарядтар, жүзбелі кран және басқа да осы сияқты техникалық құрылғылар);"

мынадай мазмұндағы 13-1) тармақшамен толықтырылсын:

"13-1) кеме ипотекасы - мемлекеттік тіркеуге жататын ішкі суда жүзетін кеменің, оның ішінде шағын өлшемді кеменің, "өзен-теңізде" жүзетін кеменің, сондай-ақ жасалып жатқан кеменің тиісті тізілімде тіркелген шарт негізінде туындайтын и п о т е к а с ы ; " ;

23 ) т а р м а қ ш а д а :

"навигациялық белгілермен немесе өзге де тәсілдермен белгіленген және" деген сөздер алып тасталсын;

"пайдаланылатын" деген сөз "пайдалануға болатын" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 42-1) тармақшамен толықтырылсын:

"42-1) тіркеу нөмірі - кеменің, оның ішінде шағын көлемді кеменің мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыру кезінде оған берілетін нөмірі;"

44) тармақша "жолдарын" деген сөзден кейін "және кеме қатынасының гидротехникалық құрылыстарын (шлюздерін)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 45) тармақшамен толықтырылсын:

"45) шағын көлемді кеме - кеме қатынасына байланысты емес демалыс, серуен, спорт және басқа қызмет үшін әдейі арналған, сыныптау қоғамының бақылауынсыз

жасалған, жолаушы сыйымдылығы 12 адамға дейін немесе жалпы сыйымдылығы 80 тіркелімдік тоннадан астам қозғалтқыш қуатына және ұзындығына байланыссыз жүзбелі құрылыс, сондай-ақ аспалы моторы бар кемелер (қозғалтқыш қуатына қарамастан), жүк көтергіштігі 150 килограмм және одан артық желкенді кемелер және өзі жүзбейтін кемелер (жүк көтергіштігі 100 килограмм және одан артық ескекті қайықтар, жүк көтергіштігі 150 килограмм және одан артық - байдаркалар, жүк көтергіштігі 220 килограмм және одан артық - үрмелі кемелер).";

2) 3-баптың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) гидротехникалық құрылыстардағы";

3) 8 - б а п т а :

5) тармақша алып тасталсын;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) порттың міндетті қызмет көрсетулерінің тізбесін бекіту";

10), 12) және 15) тармақшалар алып тасталсын;

4) 9 - б а п т а :

1 - т а р м а қ т а :

4) тармақша алып тасталсын;

5) тармақшадағы "тізілімі" деген сөзден кейін ", Жалға алынған шетелдік кемелер тізілімі" деген сөздермен толықтырылсын;

7) және 10) тармақшалар алып тасталсын;

12) тармақшадағы "кемелер" деген сөз "көлік кемелері" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

14) және 15) тармақшалар алып тасталсын;

16) тармақша "құқығы бар" деген сөздерден кейін "мемлекеттік көліктік бақылау қызметкерлері және" деген сөздермен толықтырылсын;

17), 18), 22) және 23) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 27-2), 27-3), 27-4), 27-5), 27-6), 27-7), 27-8), 27-9), 27-10), 27-11), 27-12), 27-13), 27-14), 27-15), 27-16), 27-17), 27-18), 27-19), 27-20), 27-21) тармақшалармен толықтырылсын:

"27-2) ішкі су жолдары бойынша жүзу тәртібін анықтау;

27-3) кемелердің кеме қатынасы шлюздері арқылы өту тәртібін анықтау;

27-4) кемелерді жөндеу тәртібін анықтау;

27-5) Кемелердегі қызмет жарғысын бекіту;

27-6) кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережесін, сондай-ақ кемеге, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды куәландыратын құжаттардың нысандарын бекіту;

27-7) біліктілік комиссиялары туралы ережелерді, кеме экипаждарының командалық құрамының адамдарын және басқа мүшелерін дипломдау және аттестаттау т ә р т і б і н б е к і т у ;



27-8) Қазақстан Республикасы кеме қатынасының су жолдарын пайдалану құқығына рұқсат беру жөніндегі нұсқаулықты бекіту;

27-9) Ішкі суларда жүзетін кемелерді техникалық пайдалану ережесін бекіту;

27-10) Шағын көлемді кемелерді жүргізу құқығына кеме жүргізушілерді аттестаттау ережесін бекіту;

27-11) Шағын көлемді кемелерді және олардың тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) пайдалану ережесін бекіту;

27-12) Шағын көлемді кемелерді және олардың тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) техникалық қадағалау жөніндегі ережені бекіту;

27-13) ішкі және аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді сыныптау ережесін бекіту;

27-14) пайдаланымдағы кемелерді куәландыру ережесін бекіту;

27-15) кемелерді жасауды, пайдалануды, жөндеуді және материалдар мен бұйымдарды дайындауды техникалық байқау ережесін бекіту;

27-16) ішкі суларда жүзетін кемелерді жасау ережесін бекіту;

27-17) аралас "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді жасау ережесін бекіту;

27-18) қауіпті жүктерді тасымалдау тәртібін айқындау;

27-19) пайдаланылған кемелердің элементтерін пайдалана отырып, ішкі және "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді жасау ережесін бекіту;

27-20) ішкі суларда жүзетін кемелерді және "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелерді жаңарту жөніндегі ережені бекіту;

27-21) техникалық флот кемелерін жаңарту жөніндегі ережені бекіту;"

## 2 - т а р м а қ т а :

мынадай мазмұндағы 1-1) тармақшамен толықтырылсын:

"1-1) кемелерді тіркеу;"

мынадай мазмұндағы 7-1), 7-2), 7-3) және 7-4) тармақшалармен толықтырылсын:

"7-1) ішкі су жолдарында жүзу ережелерінің сақталуын лоцмандық қызметтің және су көлігіндегі өзге де қызметтердің бақылауы;

7-2) шағын көлемді кемелерді техникалық қадағалауды жүзеге асыру;

7-3) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеме тізілімінде немесе кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелердің командалық құрамының адамдарын дипломдау, сондай-ақ теңізші паспорттарын беру;

7-4) кеме қатынасы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты қызметкерлерді аттестаттауды жүргізу;"

5) 11-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Кеме қатынасы жолдарына тізбесі Қазақстан Республикасының су заңнамасына сәйкес белгіленетін, кеме қатынасы үшін ашық ішкі су жолдары жатады.";

## 6 ) 1 2 - б а п т а :

1-тармақтағы "Жол" деген сөз "Астананың әкімшілік-аумақтық шекарасы шегіндегі

Есіл өзенінің кеме қатынасы учаскесін қоспағанда, жол" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Астананың әкімшілік-аумақтық шекарасы шегіндегі Есіл өзенінің кеме қатынасы учаскесінде жол жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етуді астана әкімдігі жүзеге асырады." ;

7) 13-баптың 10-тармағында:

"Кемелердің, салдардың және басқа да жүзу объектілерінің" деген сөздер "Уәкілетті органның кәсіпорындары кемелерінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

", жасауға" деген сөз алып тасталсын;

8) 15-бапта:

3-тармақ алып тасталсын;

4-тармақтың 2) тармақшасында:

"шлюз" деген сөзден кейін "және каналдар" деген сөздермен толықтырылсын;

"жасасқан шартқа сәйкес" деген сөздер алып тасталсын;

9) 15-3-баптың 4-тармағындағы "сәйкестендіру" деген сөз "тіркеу" деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 15-4-бап мынадай мазмұндағы 3, 4, 5 және 6-тармақтармен толықтырылсын:

"3. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелер және олардың тұрағына арналған базалар (құрылыстар) шағын көлемді кемелерді және олардың тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) техникалық қадағалау жөніндегі ереже талаптарына сәйкес келуі тиіс.

4. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелер және олардың тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) техникалық қадағалауды уәкілетті орган алғашқы, жыл сайынғы және кезектен тыс техникалық куәландырулар жүргізу жолымен, сондай-ақ арнайы және бақылау тексерістерін жүргізумен жүзеге асырады.

5. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын кемелерді және олардың тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) пайдалану шағын көлемді кемелерді және олардың тұрағына арналған базаларды (құрылыстарды) пайдалану ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

6. Кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жататын өздігінен жүзетін кемелердің кеме жүргізушілері кеме жүргізушілерді даярлау жөніндегі бағдарлама бойынша оқытылуы және олардың шағын көлемді кемелерді жүргізу құқығына куәліктері болуы тиіс.

Шағын көлемді кемелерді жүргізу құқығына куәлік беруді, кеме жүргізушілерді даярлау бағдарламасын келісуді және шағын көлемді кемелердің кеме жүргізушілерін даярлау жөніндегі курстарды тіркеуді уәкілетті орган кеме жүргізушілерді шағын көлемді кемемені басқару құқығына аттестаттау ережесіне сәйкес жүзеге асырады.";

11) 16-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"16-бап. Кемелерді сыныптау және олардың техникалық

қауіпсіздігін қамтамасыз ету

1. Кемелерді сыныптауды және олардың техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін техникалық бақылауды Кеме қатынасының тіркелімі жүзеге асырады.

2. Сыныптауға және техникалық бақылауға олардың тиесілілігі мен меншік нысанына қарамастан, ішкі су жолдарында пайдалануға арналған ішкі суларда жүзетін кемелер мен "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелер жатады, олар:

1) жолаушылар кемесі;

2) басты қозғалтқыштарының қуаты 55 киловатт (75 а.к.) және одан астам болатын жолаушыларға арналмаған ішкі суларда өздігінен жүзетін кемелер;

3) сыйымдылығы 80 тіркелімдік тонна өздігінен жүзетін және өздігінен жүзбейтін кемелер.

3. Кеме қатынасының тіркелімі кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік тапсырысқа сәйкес кемелерді сыныптауды және куәландыруды жүзеге асыруға міндетті.

Бұл ретте кеме иесінің кінәсінен қайтадан куәландыру, кезектен тыс куәландыру кемелерді жөндеуді, оларды жасау мен жаңғыртуды байқау жасасқан шартқа сәйкес кеме иесінің есебінен жүзеге асырылады."

12) 17 - бапта:

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"14) шағын көлемді кемелерді және шағын көлемді кемелерге арналған база-тұрақтарды техникалық қадағалауды жүргізу;"

24) тармақшадағы ", есепке алуды, сондай-ақ пайдалануға жарамдылығын техникалық куәландыруды" деген сөздер алып тасталсын;

13) 18 - бап алып тасталсын;

14) 19-баптың 2-тармағының 1) тармақшасы алып тасталсын;

15) 22 - бапта:

1-тармақтағы "тіркелімге алынған пунктiнiң," деген сөздерден кейiнгi "бiрдейлендiру" деген сөз "тiркеу" деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақта "бiрдейлендiру" деген сөз "тiркеу" деген сөзбен ауыстырылсын;

16) 26 - бапта:

тақырыбы "Кеменi" деген сөзден кейiн ", оның iшiнде шағын көлемдi кеменi" деген сөздермен толықтырылсын;

1-тармақтағы "бiрдейлендiру" деген сөз "тiркеу" деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Егер оқиға нәтижесiнде немесе басқа бiр себеппен кеме бұрын Мемлекеттiк кеме тiзiлiмiне немесе кеме кiтабына енгiзiлген техникалық параметрлерге сәйкес келмей қалса, уәкiлеттi орган белгiлеген тәртiппен кеменi мемлекеттiк қайта тiркеу жүзеге асырылады .

Қазақстан Республикасының меншiгiндегi және мемлекеттiк органдардың өздерiне

жүктелген функцияларды орындауы үшін коммерциялық мақсаттарда пайдалануы да кемеңі қайта тіркеу үшін негіз болып табылады.";

5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Мемлекеттік кеме тізілімінде ішкі суларда жүзетін кемелер және ішкі су жолдарында пайдалануға арналған "өзен-теңіз" суларында жүзетін кемелер тіркеледі, о л а р :

1) жолаушылар кемесі;

2) бас қозғалтқышының қуаты 55 киловатт (75 а.к.) және одан артық болатын жолаушыларға арналмаған, өздігінен жүзетін кемелер;

3) сыйымдылығы 80 тонна және одан астам өздігінен жүзетін және өздігінен жүзбейтін кемелер.

6. Шағын көлемді кемелер кеме кітабында мемлекеттік тіркеуге жатады.";

17) 32 - бапта :

тақырыбы "кемеңің" деген сөзден кейін ", оның ішінде шағын көлемді кемеңің" деген сөздермен толықтырылсын;

"жасалынып жатқан кемеңің" деген сөздерден кейін ", оның ішінде шағын көлемді кемеңің" деген сөздермен толықтырылсын;

18) мынадай мазмұндағы 32-1 және 31-2-баптармен толықтырылсын:

"32-1-бап. Кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу

1. Кемеңің ипотекасын уәкілетті орган сол кеме тіркелген тізілімге тіркейді.

2. Жасалып жатқан кемеңің ипотекасы жасалып жатқан кемеге меншік құқығы тіркелген, жасалып жатқан кемелердің тізілімінде тіркеледі.

3. Осы Заңның 24-бабының 7 және 11-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туын көтеріп жүзу құқығы уақытша берілген шетелдік кемеңің ипотекасын, сондай-ақ шетелдік алушы үшін жасалып жатқан кемеңің ипотекасын Қазақстан Республикасында тіркеуге болмайды.

4. Кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасы мемлекеттік тіркеу туралы өтініш берілген күні тіркеледі.

5. Кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу тәртібі кемеңі, оның ішінде шағын көлемді кемеңі және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережесінде айқындалады.

6. Кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті берумен куәландырылады.

7. Кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркегені және кемеңің немесе жасалып жатқан кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын бергені үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен алым алынады.

32-2-бап. Шағын көлемді кемеңің ипотекасын мемлекеттік тіркеу

1. Шағын көлемді кеменің ипотекасын уәкілетті орган сол шағын көлемді кеме тіркелген кеме кітабына тіркейді.

2. Шағын көлемді кеменің ипотекасы мемлекеттік тіркеу туралы өтініш берілген күні тіркеледі.

3. Кеменің немесе жасалып жатқан кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу тәртібі кемені, оның ішінде шағын көлемді кемені және оған құқықтарды мемлекеттік тіркеу ережесінде айқындалады.

4. Шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті берумен куәландырылады.

5. Шағын көлемді кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркегені және кеменің ипотекасын мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің телнұсқасын бергені үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен алым алынады.";

19) 34 - бапта :

1-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Үкіметі" деген сөздер "уәкілетті орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1-1. Кемелер экипаждарының мүшелерін дипломдау, сондай-ақ ішкі су жолдарында пайдаланылатын кемелердің командалық құрамдарының адамдарын аттестаттау жөніндегі біліктілік комиссияларын құру тәртібін уәкілетті орган бекітеді.";

20) 36-баптың 3-тармағының 3) тармақшасындағы "порт капитанын" деген сөздер "уәкілетті органның аумақтық бөлімшесін" деген сөздермен ауыстырылсын;

21) 45 - бап алып тасталсын.

9. "Лицензиялау туралы" 2007 жылғы 11 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 2, 10-құжат; N 20, 152-құжат; 2008 ж., N 20, 89-құжат; N 23, 114-құжат; N 24, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., N 2-3, 16, 18-құжат; 2009 жылғы 8 мамырда "Егемен Қазақстан" және 2009 жылғы 9 мамырда "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тауар биржалары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы ):

16-баптың 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"халықаралық және қалааралық қатынастарда жолаушыларды автомобиль көлігімен (таксиден басқа) тасымалдау;" .

10. "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., N 16, 128-құжат):

9-бап мынадай мазмұндағы 29) тармақшамен толықтырылсын:

"29) Астана қаласының әкімшілік-аумақтық шекарасы шегіндегі Есіл өзенінің кеме қатынасы учаскесінде жол жұмыстарын жүргізуді қамтамасыз етеді."

**2-бап.** Осы Заң 2010 жылғы 16 маусымнан бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 6-тармағының 4) және 5) тармақшаларын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК